Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

20 қаңтар сенбі
№6 (2016)
2024 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ:
Ішкі нарықты қамти аламыз ба?

Жыл басында құс еті тапшы бола ма деген қауіп айтыла бастады. Бұған себеп көршілес Ресейде құс етімен қамтамасыз етуде қиындықтарға байланысты болса керек. Ет бағасы қымбат болған соң, тауық етін талғажау еткен қазаққа бұл да уайым. Алайда сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев Сенат отырысының кулуарында құс еті тапшы болады деп дабыл қағудың қажеті жоқ екенін айтты.

– Көрші елде құс етімен қамтамасыз етуде белгілі бір қиындықтар бар деген қауесет бар. Мәселе құс етінің бізге Ресейден келетіндігімен байланысты. Бұл шамамен – 13%. Елдегі ет өндірушілер бірнеше жылдан бері құс етін сырттан әкелуге тыйым салуды ұсынуда. Жергілікті өндірушілер ел нарығын құс етімен қамтамасыз етуге дайын екендіктерін айтуда, – деді министр.

Жыл басынан-ақ Ресейде құс еті тапшылығы туындады. Дүкендер мен түрлі аумақтарда, тіпті Мәскеудің өзінде құс еті табылмады. Құс еті өнімін тасымалдаушылар бұл қателік бірнеше күнде түзелетінін айтуда. Ресей президенті бұл мәселе бойынша үкіметке тапсырма беріп, құс етімен ішкі нарықты да, сонымен қатар көрші елдерге импорттауды қамтамасыз етуді тапсырған. Сондай-ақ Ресей үкіметі жұмыртқа бағасының қымбаттауына жол бермеуге бар күшін салуда. Дегенмен Ресейдің кейбір аймақтарында баға 20 пайызға қымбаттап үлгерген. Бұл мәселені шешу үшін ресейліктер жұмыртқаны Беларусь, Түркия, Әзірбайжан елдерінен сатып алуда.

2 БЕТТЕ

30 жыл

БҰЛ ГАЗЕТ МАҒАН ӨТЕ ЫСТЫҚ

Өнер адамы болғандықтан өзіме ақындар да, жазушылар да, журналистер де жақын. Соның ішінде шығармашылық топтан айтар болсам, «Ақмешіт апталығы» газетінің ұжымы да, газеттің өзі де өте ыстық көрінеді.

Неге десеңіз, мен осы газеттің бастапқы санының шығуына атсалысқан жанның бірімін. Ал биыл осы басылымның жарыққа шыққанына 30 жыл толғалы тұр.

1994 жылы газеттің алғашқы саны шығар кезде негізін қалаған Әділхан Бәймен маған «Ақмешіт апталығы» газетінің логотипін жасап беруді сұрады. Бастапқыда газет жастарға арналған басылым болды. Негізі ол кезде шағын шеберханам болатын. Сол шеберханаға шығармашылық жандар келіп, ойларын ортаға салып, жиі бас қосып тұратын. Олардың ішінде Әскербек Рахымбекұлы, Әділхан Бәймен, Асқар Кіребаев және газеттің іргетасын қалауға ақылдастар алқасының төрағасы Нұрділдә Уәлиев және басқа да қаламгерлер бар.

Содан суретші ретінде логотипті жасауға кірісіп, 2-3 күнде екі нұсқасын ұсынған болатынмын. Шығармашылық ұжым біреуін таңдап алып, күні бүгінге дейін газет бетінен түспеген еді. Сол жылдары газетте суретші және арасында мақала жазып тұрған сәттер де болды. Одан соң осы газетте мен жайлы мақалалар бірінші бетке суретіммен шықты. Ол да бір керемет естелік болып қалды.

Міне, содан бері отыз жыл өтті. Газетке отыз жыл толды. Бастапқыда жастар газеті болған басылым бүгінде қаланың тыныс-тіршілігін ақпараттандырып келеді.

1994 жылы газеттің іргетасын қалауға ақылдастар арқасының төрағасы Нұрділдә бастаған қаламы қарымды қаламгерлер Ахат Жанаев, Әскербек Рахымбекұлы, Қази Данабаев, Оразбек Мақсұтов, Қазыбек Әшірбекұлы, Аманжол Сақыпұлы, Дүйсенбек Аяшұлы, Әділ Ботпанов, Нұрлан Көбегенұлы секілді тағы да басқа тұлғалар еңбек еткені есте қалыпты. Арасында кей ағаларымыз өмірден өтті. Шыны керек, осы азаматтардың бәрі менімен дос.

Негізі өнер адамы дос жағынан жас талғамайды. Маған шығармашылық жандардың арасында үлкен-кішісі бар, бәрімен бірдей араласамын, достық сыйластығымыз үзілген емес. Қайта жыл өткен сайын арта түсуде. Сол секілді «Ақмешіт апталығы» газетінің ұжымы да мен үшін үлкен дос болып саналады.

Кейін редакция іргелі ұжым болып, жас журналистер қатары толыға түсті. Осы кезде айтар едім, бұл басылым талай жасты бір-бір тұлға етіп шығарған шығармашылық орта. Осы ортаға, жалпы ұжымға алдағы келе жатқан отыз жылдық құтты, берекелі болсын. Оқырмандары көбейіп, қаламыздың бас басылымы абырой беделінен түспесін дегім келеді.

Қайырбай ЗӘКІРОВ
Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, көрнекті суретші

НАУБАЙШЫНЫҢ НЕСІБЕСІ

Бүгінде нан зауытының саны артты. Қалада кәсібін дөңгелетіп отырған 6 ірі наубайхана бар. Соның ішінде сұранысқа ие болып, көптің көңілінен шығып отырған наубайхананың бірі – «Ақжелең» жеке кәсіпкерлігі шығарған нан өнімдері. Бөлке наннан бөлек бұл жерде тәтті бәліш, кондитерлік тағам пісіріледі екен. Күніне 20 000 дана нан дайындап шығаратын наубайхананың тұтынушылары да көп екенінен хабардар болдық. Бір сәтте 200-ден аса бөлке небәрі 37 минутта дайын болады екен.

4-БЕТТЕ

АСАУДЫ ЖУАСЫТҚАН ӘБДІҒАППАР

Халық жүген-құрық тимеген, қолда ұсталмаған асау жылқының да мінезін басып, бәйгеге қосқан. Бұл өнер атадан балаға мирас болып қалған. Асау жылқының да екі түрі болады. Ту асау – жүген-құрық тимеген жылқы болса, бас асау – жүген тигізбейтін жылқы. Асауға тұсау салып бағындыратын балуан білекті атсейіс біздің Сыр өңірінде де аз емес. Соның бірі – Ақсуат ауылдық округінің тұрғыны Әбдіғаппар Нұржанов.

Кейіпкеріміз бала күнінен атқа құмар екен. Ол жылқы жанын түсініп, асау мінезін жуасытып, бәйгеге қосып жүр. Тіпті жылқыны жақсы көргендігі соншалық әскери мектепті жалғастырмай, ауылға қайтып жылқы баптаған. Атсейістің бұл қасиеті қанында бар. Арғы атасы Елемес жылқы баптап, бәйгеге қосқан екен. Қазақта «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деген осы.

4-БЕТТЕ

ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ:
Ішкі нарықты қамти аламыз ба?

Осы орайда «Құс етімен ішкі нарықты өзіміз қамтамасыз ете аламыз ба?» деген сұраққа жауап іздейтін кез келген секілді. Еліміздегі құс фермасының иелері өткен жылдан бері ішкі нарықты құс етімен қамтамасыз етуге мүмкіндік бар екенін айтып келеді. Құс өндірушілер одағының төрағасы Руслан Шәріповтің айтуынша, Ресейден келетін құс етіне шектеу қойылса, отандық кәсіпкерлер ішкі нарықты қамтамасыз етуге дайын. Бұл ақпарат былтыр «АРК новости» ақпараттық агенттігіне жарияланды.Құс өсірушілер одағы төрағасының мәліметіне сүйенсек, өткен жылдың наурыз айында Ресейден келген құс еті ішкі нарықты жаулап алып, арзан бағада сатыла бастаған. Атап айтқанда, Ресейден тасымалданған құс етінің келісі 750-850 теңгеден, ал отандық өндірушілердің өнімінің келісі – 900 теңгеден жоғары болған-ды. Мұнан соң отандық кәсіпкерлер де бағаны түсіруге мәжбүр болды. Импорттық өнімдердің бағаны арзандатқанына және елдегі сауда желілерінің сөресін толтырғанына қынжылған кәсіпкерлер өндірістің табыстан гөрі шығыны басым екеніне шағымданған. Олардың айтар назы – Ресейден құс етін кіргізуге тыйым салу. Отандық өндірушілердің ішкі нарықты түгел қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар. «Құс өсірушілер одағының» төрағасы отандық құс фермасы иелерінің мәселесін құзырлы орындарға жеткізгенмен, импорттық өнімдерге шектеу қойылған жоқ. Ал биыл отандық кәсіпкерлердің дегені болып, жыл басынан бері ресейліктерге құс етін импорттамақ түгілі, өз-өздерін қамтамасыз ету қиын болып тұр. Көрші елдегі құс етінің тапшы болуына соңғы кездері құс тұмауының жиі қайталануы және басқа аурулардың шығуы себеп болған. Енді қалай болады? Шынында, отандық кәсіпкерлер ішкі нарықты құс етімен толық қамтамасыз ете ала ма? Бұл бағаның өсуіне әсер етпей ме? Бұл қазіргі көкейкесті сұрақ екені даусыз.

«Ресей құс етін экспорттауға шектеу қойған жағдайда отандық өнім өндірушілер ішкі нарықты қамтамасыз ете алады деп ойлаймын. Статистикалық мәліметке сүйенсек, 2022 жылы құс еті бойынша өнеркәсіптік өндірістің үлесі 97% (293 мың тонна) құраған, яғни отандық құс өнімін өндірушілер тұтыну көлемін 65 пайыз қамтамасыз етіп, импорт үлесі 35 пайыз болды, – дейді одақ басшысы. Ал алдағы уақытта ішкі нарықты толығымен қамтамасыз етуге мүмкіндік бар екенін айтады.

«Отандық кәсіпкерлер бұл көрсеткішпен тоқтап қалмағаны белгілі. Құс шаруашылығын дамытудың 2027 жылға дейінгі әзірленген бағдарламасы аясында жаңа құс фабрикаларының көлемін ұлғайту, кеңейту және құру есебінен құс өнімін 744 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарланған. Біз республиканы құс етімен 100 пайыз қамтамасыз етеміз, ал экспорттық әлеуетті 150 мың тоннаға дейін арттырамыз», – дейді «Құс өсірушілер одағының» басшысы Руслан Шәріпов. Соңғы жылдары Қазақстанда құс етіне деген сұраныс арта түскен. Кейінгі 9 жылда сұраныс 8 есеге артқан. Мәселен, 2000 жылы ішкі нарықта құс етін пайдалану 53 мың тонна болса, 2022 жылы 428 мың тоннаға жеткен. Сондай-ақ 2000 жылы құс етін тұтыну жан басына шаққанда 3,6 келіден келсе, бұл 2022 жылы 21 келіге жетіпті.

Облыс бойынша 2024 жылдың 1 қаңтарына 119,3 мың құс тіркеліп былтырғы жылдың сәйкесті кезеңімен салыстырғанда 95,2%-ды құрады. Есепті кезеңде 7 843 мың дана жұмыртқа өндіріліп, 2023 жылдың сәйкесті кезеңімен салыстырғанда жұмыртқа өндірісі 96,9%-ды құрап отыр. Облыс бойынша тауық етімен 0,2%, жұмыртқамен 3,6% қамтамасыз етуде.

Жергілікті өнім өндірушілер ішкі нарықты қамтамасыз етуге дайын болғанмен, бағада өзгеріс болуы мүмкін. Тағы да тиісті одақ басшысы Руслан Шәріповтің пікіріне сүйенсек, отандық өнім осы кезге дейін өзіндік құннан төмен бағаға сатылып келгендіктен, енді қымбаттайтыны анық. Тек әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бөлігінде ғана баға тұрақты болуы мүмкін екенін айтады.

Тұтыну артқан сайын баға да өзгеретіні белгілі. Елімізде өткен жылы да тауық етінің бағасы қымбаттағаны байқалады. «Ranking.kz» сайты жариялаған мәліметке сүйенсек, 2023 жылдың қазан айының қорытындысы бойынша, құс еті бір жылда 5,7 пайызға қымбаттаған. Оның ішінде тауықтың төс еті – 8,2 пайыз, сан еті – 7,5 пайызға қымбаттапты. Бұл – өткен жылғы баға. Жыл басынан бері жұмыртқа бағасы қымбаттағаны белгілі. Тіпті күн сайын өзгеріп жатыр десек артық айтқандық емес. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, биылғы жылдың 3 қаңтарында жұмыртқа бағасы бірден 13,5 пайызға қымбаттаған. Бұл әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының ішіндегі ең жоғары көрсеткіш болды. Мұны министр де мойындап отыр.

Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев БАҚ өкілдеріне берген брифингте жұмыртқа бағасының қымбаттағанын жасырмады.

– Шынымен де, жұмыртқа бағасы көтерілді, оны жасырмаймыз. Біз шамамен 2,5% өсім көріп отырмыз. Атап өту керек, бұл маусымға байланысты, мысалы қыста тұтыну артады да, баға көтеріледі. Ал жазда баға арзандайды. Жұмыртқаға қатысты жағдай бақылауда деуге болады, бізде жұмыртқа тапшылығы болмайтынын түсінеміз. Ең бастысы – баға, сондықтан мұндай шарықтау динамикасы болмайды. Құс етіне келетін болсақ, бізде импортқа тәуелділік бар, бірақ нарыққа келетін ағындар әртараптандырылған. Яғни импорттың бір бағыты қысқарса, басқа бағыттағы импортты ауыстырып, алмастыруға мүмкіндігіміз бар. Сондықтан сөрелерде жұмыртқа мен құс еті болады деп сенімді айта аламыз, – деді министр.

Орайы келгенде өңірдегі жағдайды айта кеткеніміз жөн. Атап айталық, облыстағы жалғыз құс фермасы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы нарық қыспағынан тірлігі шатқаяқтап жабылып тынғаны белгілі. Мұнан кейін есік алдында тауық баққан шағын кәсіп иелері болмаса облыс нарығын қамтамасыз ететіндей ірі құс фермасы бүгінгі күнге дейін болмағаны сырбойылықтарға аян. Дегенмен кейінгі жылдары өңірде құс шаруашылығы тұрақты дамып келеді. Әсіресе аудандарда ірі құс фермалары іске қосылып, жұмыс істей бастады. Атап айтқанда, Шиелідегі «Шиелі құс» фермасы, Қармақшы ауданындағы «Қармақшы құс» зауытының жұмысы жолға қойылып, нәтижесі елге сезіле бастады. Өңірдегі құс зауытының жайын білу үшін «Қармақшы құс» зауытының басшысы Нұрлан Іздібаевқа хабарластық. Кәсіпкердің айтуынша, пайдасынан бейнеті басым құс шаруашылығын жолға қою үлкен еңбек пен қажыр қайратты қажет етеді екен. Зауыт бүгінде жылына 1,5 мың тонна құс етін өндіруге лайықталған.

Өңірдегі құс шаруашылығының бүгінгі жайын білу үшін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына хабарластық. Басқарманың баспасөз хатшысы берген мәліметке сүйенсек, облыс бойынша 2024 жылдың 1 қаңтарына 119,3 мың құс тіркеліп былтырғы жылдың сәйкесті кезеңімен салыстырғанда 95,2%-ды құрады. Есепті кезеңде 7 843 мың дана жұмыртқа өндіріліп, 2023 жылдың сәйкесті кезеңімен салыстырғанда жұмыртқа өндірісі 96,9%-ды құрап отыр. Облыс бойынша тауық етімен 0,2%, жұмыртқамен 3,6% қамтамасыз етуде.

Мақала әзірлеу барысында жұмыртқа бағасын білу үшін дүкендерге бас сұқтық. Бүгінде облыс орталығындағы дүкендерде жұмыртқаның бір данасы – 68-70 теңгеден сатылуда. Бұл жылдағы жағдай секілді көрінгенмен, шешімін табуы тиіс көкейтесті мәселе екені даусыз.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

ОРЫНБАСАРЛЫҚ ОРЫНҒА СӘУЛЕТШІ КЕЛДІ

Осы аптада қала әкімдігінің мәжіліс залында қала басшысы Серік Қожаниязовтың төрағалығымен актив отырысы өтті. Онда кадрлық өзгерістерге байланысты қала әкімінің орынбасары тағайындалды.

Сонымен шаһар басшысының жаңа орынбасары кім болды?

– Айдос Кентуғаев – Алматы мен Түркістан қалаларының сәулеттік дамуына үлесін қосқан сәулетші. Қала құрылысы және сәулет саласында жинаған мол тәжірибесі бар. Іскер басшы ретінде өз жұмысын ұтымды үйлестіретініне сенемін, – деп таныстырды қала әкімі.

Айдос Зейнуллаұлы 1986 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Жоғары білімді. 2005-2008 жылдары аралығында Қазақ бас сәулет және құрылыс академиясында «Сәулетші», 2011-2013 жылдары Орталық Азия университетінде «Заңгер», 2014-2015 жылдары осы оқу орнының «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс» мамандықтары бойынша бітірген. Ал 2015-2016 жылдары Қазақ бас сәулет және құрылыс академиясында «Сәулетші» мамандығы бойынша магистратураны тәмамдаған. 2017-2019 жылдары қазақ ұлттық аграрлық университетінде «Жерге орналастыру» мамандығы бойынша оқыған.

Еңбек жолын 2006 жылы «Проектный Центр» ЖШС 1-ші дәрежелі сәулетші болып бастаған. 2009-2012 жылдар аралығында «Алматы қала құрылыс кадастры» мекемесінің жетекші сәулетшісі, одан кейін құрылыс және сәулет саласымен айналысатын жеке мекемелерде басшылық қызметтер атқарған.

2018-2019 жылдары «АлматыБасЖоспар» ғылыми-зерттеу институты» директорының орынбасары, 2020-2023 жылдар аралығында Түркістан қаласының архитекторы, қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы қызметін абыроймен атқарды.

Актив отырысында шаһар басшысы Айдос Зейноллаұлына қала құрылысы және сәулет саласында жинаған білікті әрі кәсіби тәжірибесімен қала келбетіне әрі қарай өркендеуіне үлес қосатынына сенім білдіріп, сәттілік тіледі.

Мұнан соң сөз кезегі Қазақстанның құрметті сәулетшісі, еңбек ардагері Еркінқали Ибраимовқа берілді.

– 1986 жылдан бері осы салада жұмыс істегенмін. Біраз басшылармен бірталай іс атқардық. Соның ішінде қала әкімі Серік Салауатұлымен де бірлесе жұмыс істеген болатынбыз.

Қаланың сәулетшісі ретінде айтар болсам, бүгінде Арал ауданынан бастап Жаңақорғанға дейін әртүрлі нысандар салынып, құрылыс саласы жақсы дамып жатқанның куәсі болып жүрміз. Алдағы уақытта да осы атқарылып жатқан істерге тек сәттілік, абырой тілеймін, – деді ардагер сәулетші.

Сонымен қатар қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев сөз алды.

– Қызылорда Сыр өңірінің бас қаласы болғандықтан бәрі қалаға қарап бой түзейді. Айта кету керек, жыл артқан сайын қала келбетіне көрік қосылып, жаңа ғимараттар салынып, құрылыс қарқынды жүріп жатыр. Негізі жаңадан тағайындалып жатқан қала әкімінің орынбасары кәсіби сәулетші есебінде шаһардың одан әрі әсемденуіне өз үлесін қосады деген ойдамыз, – деді қалалық мәслихат хатшысы.

Орынбасарлар қай салаға жетекшілік етеді?

Сондай-ақ қала әкімінің орынбасарлары мен қала әкімі аппаратының басшысы арасындағы міндеттер бөлінісі қайта қаралып, бекітілді. Сонымен, қала әкімінің орынбасары Ғалым Еркебай – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары мен тұрғын үй инспекциясы, кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм салаларына, орынбасар Дархан Тұрсынбаев – экономика және қаржы, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, қоғамдық даму бөліміне, ал Айдос Зейнуллаұлы құрылыс, сәулет және қала құрылысы, жер салаларына жетекшілік ететін болады.

Ал қала әкімі аппаратының басшысы Жасұлан Абатов қала әкімі аппаратының қызметі мен мәдениет және спорт салаларына жетекшілік етеді.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Тұтынушының құқы бұзылмауы керек

Қала әкімдігінің баспасөз орталығында Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергенов 2023 жылдың қорытындылары мен жалпыға бірдей декларациялау, мобильді аударымдар және кәсіпкерлердің қолма-қол ақшасыз төлемді қабылдамау деректері туралы мәлімдеді.

Атап айтқанда, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап жалпыға бірдей декларациялаудың 3-ші кезеңі басталды. Үшінші кезеңде заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары және олардың жұбайлары, сондай-ақ дара кәсіпкерлер және олардың жұбайлары 2024 жылдың 15 қыркүйегіне дейін декларация ұсынуға міндетті. Декларацияларды «Салық төлеушінің кабинеті», «Электрондық үкімет» порталы, сондай-ақ «App Store» немесе «Play Market» арқылы «e-Salyq Azamat» және «eGov mobile» мобильді қосымшасын жүктеу арқылы тапсыруға болады.

– Мобильді аударымды тексеру заңсыз кәсіпкерлікті анықтауға бағытталған. Кейбір кәсіпкерлер сатылған тауарлар мен қызметтер үшін төлемдерді мобильді аударым арқылы алады. Алайда бұл аударым бақылау кассалық машинасын, Post-терминалды, QR кодты қолданбай жүргізеді, түбіртек берілмейді. Соған сәйкес тұтынушылардың құқығы бұзылады.

Тағы бір ескеретін жайт, мобильді аударымның барлығы бірдей тексерілмейді. Бұл үш ай қатарынан ай сайын жеке банктік шотқа 100-ден астам аударым жүргізілген тұлғаларға ғана арналған,– деді басқарма басшысы.

ҚР «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңның 25-бабында төлемді жүргізудің бірнеше тәсілі көрсетілген. Сол себепті мобильді төлемді қабылдаудан бас тарту заңсыз және тұтынушының құқығы бұзылады. Бұндай жағдайда тұтынушы салық органына хабарлауға құқылы. Бұл – көлеңкелі экономикамен күрес. Кәсіпкерлер кәсібі заң талабына сай жүруін қамтамасыз етуі керек», – деді басқарма басшысы.

М. САҒИ

Өткен жылдың қорытындысымен Қызылорда қаласында қызылша аурушаңдығының 1266 жағдайы тіркелген. Оның тең жартысы – 14 жасқа толмаған балалар. Бұл туралы Қызылорда қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлмира Сыздықова хабарлады.

Қызылша дендеп тұр

– Жыл басынан бері қызылша аурушаңдығының 130 жағдайы тіркелді. Оның 90 пайызы – 14 жасқа толмаған балалар. Қызылша ауруының эпидемиологиялық ахуалын тұрақтандыру үшін қажетті шара жүргізілуде. Індетке шалдыққандардың басым бөлігі – қызылшаға қарсы екпе алмағандар, екпе алу жасына толмаған балалар және діни себеппен екпе алмағандар Сондай-ақ екпе алған балалардың қызылша аурушаңдығын жұқтыру ықтималдығы төмен. Аурудың алдын алып, уақытылы екпе қабылдаған жөн. Жалпы күзгі, қысқы эпидмаусымға тән ауру қатарына вирусты инфекциялар жатады, – деді Гүлмира Сыздықова.

Баспасөз мәслихатында облыстық денсаулық сақтау басқармасының ана мен бала денсаулығын қорғау бөлімінің басшысы Айгүл Төлегенова екпе егу шарасына тоқталды. Мәлімет бойынша 1 жастағы 9264 және 6 жастағы 8292 бала қызылшаға қарсы екпе алды. Ендігі ретте 6 айдан бастап 10 айға дейінгі және 2 жастан 4 жасқа дейінгі балаларға иммундау жүргізіледі. Осы санаттағы 23 767 бала екпе алған. 6-10 ай аралығындағы 17 776 бала екпе алған.

– Вакцинациядан бас тарту түрлі инфекцияның өршуіне әкелуі мүмкін. Қызылша ауруы 100 пайыз контагиозді жұқпалы ауру. Науқаспен қарым-қатынаста болғандардың 100 пайызы ауру жұқтырады. Алғашқы белгілері дене қызуының көтерілуі, жөтел, көздің жасаурауы, мұрынның бітуі және бөртпелер. Егер қызылшаны уақытында емдемесе өкпе қабынады. Сол себепті ата-анадан балаларын уақытылы вакцинациялап, денсаулығына дұрыс қарауды өтінеміз, – деді облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Шарипа Алиева.

Ендеше, қауіпті дертпен күресу үшін екпе жасау маңызды екенін ескеріп, дәрігер кеңесіне мән бергеніміз жөн.

М.ЕРІШ

Жаңа кітап оқырманға жол тартты

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Көшербаевтың «Айналайын, Азаттық!» атты туындысының тұсауы кесілді.

Шараға облыстың зиялы қауым өкілдері, шығармашыл топ жетекшілері, еңбек адамдары, ардагерлер, жастар, студенттер, ғалымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Кітаптың мазмұны жөнінде облыстық мәслихат төрағасы, тарих ғылымдарының кандидаты Наурызбай Байқадамов, саяси ғылымдар докторы, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбіткүл Кәрімова сөз алып, өз ойларын ортаға салды.

Шарада арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге Елеу Көшербайұлының, Айтбай Көшербайұлының, Қырымбек Елеуұлы мен Жомарт Елеуұлының әр жылдары жарық көрген кітаптары, мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалары қойылды. Тұсаукесер соңында келген қонақтарға автор кітабы таратылды.

М.САҒИДАТБЕККЫЗЫ

Теңіз перзенті

Күнделікті күйбеңмен жүріп уақыттың қалай өткенін байқамайды екенбіз. Күні кеше сияқты еді азаматпен сөйлесіп, пікір алысқанымыз... Бүгін бар да, ертең жоқ, жалған өмір-ай десеңші. Қырымбай Сұлтангерейұлы Мұхамедияровпен бірге өмір жолында болғанымызға да елу үш жыл болыпты.

Қырымбай Сұлтангерейұлы 1944 жылы желтоқсан айының 4 жұлдызында Арал ауданының Құланды елді мекенінде бұл дүниенің есігін ашып, балалық дәуренді де сол жерде өткізіп, мектеп табалдырығын аттап, Ақтөбе қаласындағы мәдени-ағарту училищесінде мәдени-ағарту мамандығын алып, алғашқы еңбек жолына жолдама алады. Туған жердің табиғаты, ата-баба кәсібі, балаң жігіттің мамандық таңдаудағы мақсатына қайта өзгеріс енгізіп, 1964 жылы Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы мемлекеттік университеттің биология факультетінің балық (ихтиолог) шаруашылығы мамандығы бөліміне оқуға түседі. Бұл жерде Арал балық комбинаты басшылығының Қырымбай Сұлтангерейұлына берген арнайы жолдамасы маңызды басымдыққа ие болған-ды. Оқу бітірісімен Қызылорда қаласының балық тоғандарының бірінде жұмыс істеп, Отан алдындағы азаматтық борышын Ресейдің Мурманск қаласындағы әскери бөлімдерінің бірінде атқарғанын білеміз.

Уақыт кезеңінде қоғам қандай сұраныс жасаса жас азаматтың тағдыры да соған тәуелді екені белгілі. 70-ші жылдардың басында Қырымбай Сұлтангерейұлымен бірге облыстық комсомол комитетінде бір бөлімде қызмет ету тағдырымызға жазды. Осы мақаламызды жазып отырып Қырымбай Сұлтангерейұлымен бірге сырласып, әңгімедүкен құрғандай болып отырмыз. Себебі Қырекеңмен бірге жарты ғасырдан астам өмір жолымыз да бірге болды. Жалпы туған жеріміздің географиялық орны да бір аймақ. Сырдарияның бойындағы Қамбаш көлдер жүйесі мен Арал теңізінің бойы. Тұрғындарының тіршілігі де, табиғи ортасы да, адамдары да, айта берсек қыстың күнгі қарлы бораны да, үскірік аязы да, жазды күнгі ыстық аптабы да, Солтүстік мұзды мұхиттан соққан алапат дауылды желі де, Батыс Сібір ойпаты арқылы Тұран даласына түсіп, еш кедергісіз Арал теңізінің көкжал толқынды акваториясына жетіп бір тоқтайтын табиғаттың дүлей күшін қас батырларша қарсы алып келе жатқан байырғы балықшылар әулетінің, теңіз перзенттерінің бірі болды.70-ші жылдардың басында облыстық комсомол комитетінің аппаратында бірге қызмет атқарып, мен облыстық комсомол комитетінің насихат және мәдени-көпшілік жұмыстар бөлімінің меңгерушісі едім де, Қырымбай осы бөлімнің нұсқаушысы болып абыройлы қызмет атқарды.

Бұл жылдар комсомол комитетінің бастамашылдығымен жақаевшылар қозғалысының кең өріс алып, оларға Ыбырай Жақаевтың еңбек аттестатын тапсыру үрдіске айналған еді. Еңбек адамдарын дәріптеу Сыр бойы жастарына үлгі-өнеге ретінде ұсынылды. Шығармашылық жастармен жұмыс істеу жаңа белеске көтерілді. Сыр бойынан Иранбек Оразбаев (Иран-Ғайып) Тбилиси қаласында өткен бүкілодақтық жас ақын-жазушылардың бас қосуына қатысса, «Біз таланттыларды іздейміз» атты облыстық байқаудың үздіктері анықталды. Бексұлтан Байкенжеев пен Мадина Ералиевалардың таланттарының ашылуына үлкен негіз қаланып, сөйтіп «Ақбаянның» ортақ орындаушыларының ізбасарлары көбейді. Облыстың жас композиторларының үздік шығармаларына конкурс ұйымдастырылды, клуб жүйелері қызметкерлерінің бірлескен облыстық кеңесі өткізіліп, мәдени шаралардың өткізілу деңгейі артты. Облыстық ырғақты биден конкурс өткізіліп, Шымкент қаласынан арнайы ырғақты би топтары шақырылды. Облыстық комсомол комитетінің шақыруымен Алматы қыздар педагогикалық институтының Марат Балтабаев басқарған «Айгүл» ансамблі бірнеше рет келіп, Пенза қаласының политехникалық институтының «Темп» жастар ансамблі Қызылорда сол жағалау бүкілодақтық комсомол екпінді құрылыс нысандарына мәдени-көпшілік жұмыстарын жүргізіп, біздер үшін өлшеусіз тәжірибе жинақтау кезеңіне айналды. Бұларды айтып отырғандағы мақсатым – осы атқарылған жұмыстардың басы-қасында Қырымбай Сұлтангерейұлының дамылсыз жүргені айдан анық нәрсе еді. Сондықтан да болар комсомолда жұмыс істеп, үлкен тәжірибе жинақтаған азамат Қызылорда қалалық мәдениет бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалып, он жылдан астам қызмет жасауының сыры осында жатса керек.

Қырекең Қызылорда қаласының саяси-қоғамдық өміріне белсене араласты. Қалалық кеңестің (советінің) үш дүркін депутаты болып та сайланды. Қалалық ардагерлер кеңесінің белсенді мүшесі болып қана қоймай, мәдениспорт жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі комиссия төрағасы да болды. «Біздер – ардагерлер, жасыратыны жоқ, жастармен қарым-қатынасымыз өз деңгейінде емес. Ежелгі Эллада елінде «жастарға көрген білгенін айтпаса – үлкендердің өздері кінәлі» деген екен, – дейді бірде Қырекең. Осыған орай пәтуәлі сөз айтатын аузы дуалы, ой-өрісі жоғары, өмірден көрген-білгені, тәжірибесі мол, ақыл-ойы терең ардагерлерді оқу орындарына, мектептерге бекітсе, сол мекеменің әртүрлі тәрбиелік іс-шараларына қатынасып, өмірден алған мол тәжірибесімен жастарды толғандырып жүрген сан-салалы сұрақтарына жауап берер еді деп көпшілікке ой тастағанын да білеміз.

Қырекең зейнеткерлікке шыққан соң шығармашылықпен белсене айналысты. Жалпы бұл әулетте шығармашылықпен айналысу қандарында бар қасиет. Бірге туғандарының қай-қайсысын алсаң да өзінше бір әлем. Туған бауырлары Сансызбай да (Құттыбаев), Мықтыбай да, Сарыбай да, Талғат та шығармашылықпен айналысқан жандар.

Бірде, жастармен өткізілген жиында қаланың белсенді ардагері есебінде былай дегені есімізде. «Біздер бір қараны көрдік, яғни жасымыз зейнеткер белесінен асты. Сондықтан да жақсы-жаман мінезділерге байыппен қараймыз. Осы ой-пікірімді сіздерге арнап отырмын. Себебі сендер албырт, асау, сабырсыз, қызба, ынтық, күштісіңдер, яғни бір сөзбен айтқанда, жассыңдар. Сондықтан да мінезді бағындыру оңайға түспейді. Сөздеріңе сын көзбен қарап, мақсаттарыңа жетесіңдер. Дана халқымыз: «жігітті талап жетелеп, арман өсіреді» дейді. Жігіттің бозжайлағы Дегдар (табиғаты бөлек, жаны жайсаң, байсалды, жақсы қасиеті мол, ұлағатты, ғұлама, текті, бекзат) болып өсіндер», – деуінде де азаматтықтың да үлкен деңгейін көрсетіп тұр емес пе?! Өмірден көргені де көп, түйгені де аз емес, дос-ағамыздың әлі де болса жас ұрпаққа берері көп еді. Әркімнің тағдыры, жаратылысы, өмір сүру мерзімі де бір жаратушының ұйғарымы-ау дегеннен басқа айтарымыз жоқ.

Бірде, комсомолдың туған күні қарсаңында облыстық «Ұрпақтан-ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің басқосу жиынында Қырымбай Сұлтангерейұлы бірлестік төрағасы Алмагүл Божанқызына қарап: «Менде мынадай ұсыныс туындап отыр.Тыңдасаңыздар, айтайын – деп, өзіне тән мәнермен ұсынысын баяндай бастады. «Осы біз, аға буын, жастар ұйымының жетекшілері жастармен кездесуді, поэзия кешін неге ұйымдастырмаймыз. Оның тақырыбын да айтайын, «Махаббат» туралы болса. Әрі сол кешті ұйымдастырушы-медераторы етіп мені белгілесеңіздер» деді. Қабыл алынған-ды. Сондағы ойы, бүгіндері, егер статистикадағы мәліметтерге жүгінсек, әрбір жүз отбасының үштен бірі, яғни 33-і дәм-тұздары жараспай айырылысады екен. Неге? Осындай жақсы заманда оларға не жетіспейді? Бұл – үлкен қасірет. Бұл ер мен әйелдің ғана трагедиясы емес, ата-ананың, жақын туыстың, тіпті мемлекеттің қайғы-қасіреті, өкініші екенін айтқысы келген болуы керек. Бұнда жеңіс те, пайда да жоқ, барлық тарап ұтылады, жапа шегеді деген Қырекеңнің пікірі ойға оралады. Осының бәрі – адамдардың, әсіресе жастардың бір-бірінің айтқан сөздерін тындамауынан, тындаса да оны ой елегінен өткізіп өлшемеуінен, оның түпкі мақсатын ескермегендіктен, пайдалы, дұрыс қорытынды шығармағанынан екені даусыз. Бұрынғы жастар жетекшілерінің бірі болған жанның жасы 80-ге жақындап қалса да ұрпақтар сабақтастығы үзілмесін деген ой тұжырымдары еді.

Иә, Қырымбай Сұлтангерейұлы жан-жақты білімді азамат болатын. Әсіресе сөз құдіретіне ерекше мән беретін-ді. Сөздің мән-мағынасы, түрлері туралы шығармашылық адамдары атақты ғалымдар, философтар, данагөй бабаларымыз, ұлы ойшылдар, ғұламалар, діни және алдын болжайтын ғұламаларымыздың айтқандары жетіп-артылады. Соның кейбіреуін айта отырып, былай дейді: «Адам екі нәрсе арқылы қартаймайды, біріншісі – қайырымды ісі, екіншісі – мейірімге толы сөзі (Баласағұн), «Сөз өнері – дертпен тең» (Абай), «Мұралардың ең қымбаттысы – сөз. Асыл сөз мәңгі жасайды» (Ғабиден Мұстафин), «Тәрбиенің басы – тіл» дейді халық даналығы, «Анық бақ: кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек» (Ш.Құдайберді) отырып, халқымызға белгілі ақын, көсемсөзші Жүрсін Ермановтың мына бір сөзімен түйіндейді:

«Сөздің батпан салмағын сездің бе, ұлым,
Әр сөз өзі кеседі өз кіндігін.
Көздің құнын сұрама сұрамасаң,
Сұрау керек алайда сөздің құнын,
Бір сөз үшін азапқа төзген де адам,
Сөз бағасын қапысыз сезген бабаң,
Аттан жығыл, жығылсаң – оқасы жоқ,
Жығылуға болмайды сөзден балам».

Атам қазақ сөз қадірін ертеден түсінген, сөзіне берік болған, сөзге тоқтаған. Ал қазіргі кезде әлеуметтік желіде айтылып, жазылып жатқан сөз мағынасы түгілі астарында не жатқанын да түсінбейсің. Қырекең үнемі хабарласып, «Сәке, менің бір мақалам ана газетке, мына басылымға шығып еді, оқыңызшы, сосын өз пікіріңізді айтыңызшы», – деп үнемі айтатын-ды. Енді міне, оның да сәті келіп, бүгін жазып отырмын.

Қырымбай Сұлтангерейұлы ихтиолог мамандығын игеріп, өзінің туып-өскен Арал теңізінің құпия-сырларына тереңнен ой толғап, ой бөлісетін, сағыныш сезімін әрдайым білдіретін-ді. Теңіздің жағасынан алыстап, болашақ ұрпақтарының ата-баба қонысынан жыраққа көшіп, аңызға айнала бастаған туған жерінің топырағын кейінгі кездері жиі-жиі айтып, күрсінетін-ді. Иә, біздің өзімізді қоршаған ортаның жан-жануарлары (фаунасы) мен өсімдіктері (флорасы), олардың адамға деген әсері мен пайдасын біле бермейміз. Кейде өзімен-өзі сырласа отырып, пікірлесіне Қазақстан аумағын былай қойғанда өз облысымызда ғана бар, дүниежүзінің ешбір жерінде кездеспейтін жануарларға назар аударып жүрміз бе, олардың жеке түр есебінде сақталуын қадағалаймыз ба? Жалпы балықтар, оның тіршілігі туралы баспасөз беттерінде өте сирек жазылатынын айтады. Тек қана балық аулауды місе тұтып, пайдасын көруге ғана ынтықпыз, оның табиғи өсуіне бүгінгі күні басты назар аударма-сақ болмайды. Қазіргі адамдар, айдыны шалқып-тасып, жал-жал асау толқындары кемерінен асып, балықтары тайдай тулап, шағалаларының ән салып, шат-шадыман болған, сағымға айналған Аралды аңсайтын сияқты. Қырымбай Сұлтангерейұлы айтқан ой-пікірлерді таразы басына салып, електен өткізіп, толғанысқа толы ой-армандарымен бөлісе бастасаң теңіз перзентінің табиғи жаратылысын сезіне түсесің, оның қарапайым өмірдегі адами көзқарасына салмақты баға беруге талпыныс жасайсың. Әрине, ол азаматпен бірге қызмет жасаумен қатар бірге жүріп, ой бөліскенінің артықшылығы да болар. Қырекең теңіз туралы айтқанда арқаланып, ол туралы құмарта әңгімелейді. Кейде екпіндете сөйлегенде, кездесу аудиториясына байланысты, «теңіз өте қатал, қаһарлы, тәкаппар, дүлей мінезді. Ол жүйкесі жұқа, әлсіз, жігерсіз адамды ұнатпайды. Теңіз мықты, қайратты, қайсар адамға ғана өзінің құшағын, мейірімін, байлығын ашады», – дейді. Шындық қой. Адамды танып, білу бір басқа да, оның ішкі жан-сырын түсіне білу де оңай емес. Жалпы адам табиғаты сондай, күнде бірге жүрген кезінде оның жақсы қасиеттерін бағаламайсың, тек өмірден кеткеннен кейін ғана бағасын беруге ықылас білдіресің. Жер-Ананың табиғатын зерттеп білмей жатып, аспан әлемін зерттеуге ден қоятынымыз секілді құбылыс-қой. Ойланатын мәселе емес пе?..

Әр адамның өз машығы болады. Қырымбай Сұлтангерейұлының машығы – логикалық ойындар, ерекше жақсы көретіні шахмат ойнау еді. Сосын сурет жинау болатын. Қазақстанда қазақ тілінде бірінші рет «Қазақстандық преферанс» деген кітап та жазды. Өзі айтқандай, «бұл кітапты жазбайтын да едім, себебі көп адам түсінбейді. Бірақ атақты ұстазым, Қазақ ССР-не еңбегі сіңген экономист, Ұлы Отан соғысының қаһарманы, облыс қаржыгерлерінің ұстазы Бименді Баймаханов көкем қолқа салды, ұсыныс айтты, тапсырма берді. Топырағы торқа болғыр, сол ағамның көңілін қимадым. Оның айтуы бойынша, кейбір адамдар қазір түсінбесе, заман, уақыт өзгереді, сана-сезім басқаша болады, келе-келе пайдасы болмаса зияны жоғын түсінеді», – дейді қайран аққөңіл Қырекең. Осы сәтте көп жылдан бері әріптес болған осы саладағы достары талай әңгімелердің арқауына айналар естеліктерді айтатынын да білеміз.

Біз қай салада, қандай қызмет атқарсақ та бір-бірімізді қолдап, қол ұшын беретініміз шындық еді. Біздің бір-бірімізден жасырған сыр болмайтын. Айта берсек өмірлік жар таңдауда қызықты оқиғалардың куәсі де болдық. Иә, бүгін бұл жайларды айту біздің міндетіміз әрі азаматтық борышымыз. Қадірлі Қырекеңнің мына бір оқиғасы еске түсіп отырғаны. Қырекеңнің өзі: «бірде елге барғанмын. Айдалада, бұрынғы теңіз ұлтанында бізбен жарыса бір шағала ұшып қалмай, ауылым Құландыға, ата-бабаларым жатқан ескі қорымға дейін бізбен бірге барды. Баяғыда көкірегі ашық, көпті көрген аталарымыз «адам өледі, сосын оның жаны кеудеден ұшып шығып бір тірі жәндікке қонады» дейтін әңгімесі есіме түсті. Күміс қанатты ақ құсым менен неге осыншама қасымнан қалмай ұшып келеді?! Мүмкін оның жұдырықтай кеудесінде менің ата-бабаларымның жаны бар ма екен? Мүмкін, бәрі мүмкін. Себебі олар да теңізші, бұл да теңізші, олар да балықшы, шағала да балықшы, олар тағдырлас», – деген-ді.

Бүгін Қырымбай Сұлтангерейұлының бұл дүниеден өткеніне де қырық күн уақыт болыпты. Өзі айтқандай оның жаны шағала болып ата-бабаларының мәңгілік орын тапқан жеріне жеткен де болар. Табиғаттың тылсым күшін әлі зерттеп білгеніміз де жоқ. Алматы қаласына соңғы сапарына шығар алдында телефон арқылы хабарласып, көтеріңкі көңілмен емделуге баруға дайындалып қойғанын, бойдағы дертіне байланысты ота жасалатынын айтып, көңілін білдіргенді. Тағдырдың жазуы сол сапардың соңғы кезеңі екенін бір Алладан басқа ешкім де білген жоқ. Мүмкін, өзі сезген шығар.

Сайлаубай ӘБІШҰЛЫ,
Қазақстан Республикасының
«Құрметті азаматы» төсбелгісінің иегері
20 қаңтар, 2024 жыл
Қызылорда қаласы

ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛЕНУДІҢ ДИНАМИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРІ

Барған сайын өзара байланысты әлемде этникалық бірегейлену процестері елеулі өзгерістерге ұшырап отырады. Жаһандану, көші-қон және мәдениетаралық алмасу азаматтардың этникалық бірегейлігіне түрлі жолдармен бағдарлайтын және үйлестіретін динамикалық ортаны құруға ықпал етеді. Осы мақалада жаһанданудың мәдени динамикаға және бүкіл әлемдегі этникалық бірегейліктің дамып келе жатқан табиғатына әсерін анықтауға тырысамыз. Бұл мәселелер Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырып отырған «Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі этникалық азшылықтардың этникалық бірегейлену үдерістерін кросс-мәдени және аксиологиялық талдау» атты ғылыми жобасы аясында тереңінен қарастырылып жатқанын айтқымыз келеді.

Біз этникалық бірегейлікті түсіну жеке тәжірибе, мәдени ықпалдар, әлеуметтік контексттер және тарихи факторлардың үйлесімі арқылы қалыптасатын көп қырлы және динамикалық процесс деп болжаймыз. Зерттеулеріміз этникалық бірегейліктің орныққан ұғым емес екендігін, уақыт өте келе дамып, қоғамдық күтулер және түрлі мәдени белгілермен өзара әрекеттесу арқылы дамитынын көрсетуі ықтимал. Сонымен қатар жаһандану, көші-қон және мәдениетаралық алмасу секілді факторлар этникалық бірегейлікке қатысты заманауи көзқарастарды қалыптастыру және күрделі түсініктерді ілгерілетуде маңызды рөл атқарады деп ойлаймыз.

Жаһандану халықаралық байланыстарды жеңілдетсе де этникалық бірегейлікке қатысты кейбір парадокстары бар. Бір жағынан жаһандану мәдениетаралық алмасу мен әралуандылықты дәріптеуге мүмкіндік береді. Екінші жағынан жаһандану проблемалар да туғызады. Мәселен, адамдар көптеген мәдениеттердің әсеріне тап болатындықтан дәстүрлі құндылықтарға ықпалы арта түседі. Демек, түрлі тектегі азаматтардың жаһандық араласуы белгілі бір этникалық топпен бірегейлену ерекшеліктеріне ықпалы болатындықтан үнемі бақылап отыруды қажет ететіндігін айтқымыз келеді.

Бұл тұста этникалық бірегейленуге көші-қон мен гибридті бірегейлік ықпал жасайтындығы анық. Мойындауымыз қажет, көші-қон бұрыннан этникалық бірегейленудегі өзгерістердің негізгі шапшаңдатқыш күші болып табылады. Шекарадан өткен адамдар гибридті бірегейлікке бай құндылықтары арқылы өздерінің мәдени мұраларын әкеледі. Осы динамикалық өзара әрекеттесу дәстүрлі және этникалық категориялардан тыс жеке тұлғалардың қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан болар көптеген елдердің азаматтары сыртқы мигранттар мен босқындардан қорқып жатады.

Саяхат жасау, бұқаралық ақпарат құралдары және цифрлық дәуір ықпал ететін мәдениетаралық алмасу түрлі мәдени элементтерге қатысты көзқарастар қалыптастыруға әкеледі. Тіл мен әр ұлттың асханасы секілді этникалық бірегейліктің дәстүрлі белгілері жаһандық мәдени игілікті жасайды. Осы ортақ мәдени кеңістік өзара тәуелді әлемді құруға көмектесіп, этникалық бірегейленудің дәстүрлі түсініктеріне қарсы тұрады. Сонымен қатар, цифрлық дәуір этникалық бірегейленудің жаңа өлшемдерін қалыптастырады. Өйткені, әлеуметтік желі платформалары адамдарға өздерінің этникалық бірегейлігін білдіру және бүкіл әлемдегі пікірлес қауымдастықтармен байланысу үшін кеңістік қамтамасыз етіп отыр. Онлайн кеңістік қиындықтар да туғызады. Елімізде арасында өз ұлттын жоғары қойып, өзге ұлттарды кемсітушілік орын алған оқиғалар осы ойымыздың дәлелі болмақ.

Этникалық бірегейленудің дамып келе жатқан процестері дәстүрлі шектеулерге қарсы тұрады, бірегейлікті неғұрлым инклюзивті түсінуге шақырады. Бір кездері этникалық топтарды анықтаған қатаң жіктеулер икемді және динамикалық тұжырымдамаларға жол беріп қойғанын мойындауымыз қажет. Қазіргі таңда азаматтар өздерінің тәжірибелерінің қиылысуын көрсететін күрделі бірегейлікті көбірек қабылдап жатыр. Күрделі бірегейлікті қабылдау азаматтардың қоғамдағы өзін-өзі сезінуі жолындағы елеулі өзгерістерге әкеледі. Ойлардың қиылысуы тұжырымдамасы азаматтардың бірегейлігіне ұлт, нәсіл, жыныс секілді түрлі әлеуметтік категориялардың тоғысуы арқылы қалыптасатынын мойындайды. Осылайша, күрделі, қиылысатын бірегейлікті қабылдаудың өсуі қоғамның әралуандылықты тануға қарай кеңірек ауысқанын көрсетеді. Демек, адам тәжірибесіндегі даму артады және дәстүрлі бірегейлік шеңберлері шектеулеріне қарсылық танытады.

Ғалымдар азаматтардың этникалық бірегейлікті түсінуін жеке, әлеуметтік және мәдени ықпалдар жиынтығын құрайтын күрделі және субъективті процесс екенін айтады. Этникалық бірегейлік серпінді процесс және отбасы тәрбиесі, мәдени ықпал, әлеуметтік өзара әрекеттесу, тарихи тұжырымдарға байланысты өзгеріске ұшырап отырады. Азаматтар өздерінің этникалық болмысын түрлі тәсілдермен түсіндіріп, көрсете алады. Кейбіреулер үшін бірегейлік мәдени тәжірибе, тіл және мұрада терең тамырланған болуы мүмкін, ал басқалары үшін ол жеке санасына қарай бейімделгіш болуы ықтимал. Сондықтан жаһандану, көші-қон және мәдениетаралық алмасу сынды факторлар этникалық бірегейліктің дамуына ықпал етеді деп отырмыз. Сонымен қатар қоғам көзқарастары, кемсітушілік және саяси динамика азаматтардың этникалық бірегейлігін қабылдауы мен бағдарлауына әсер етеді.

Қорытындылай келе этникалық бірегейлену процестері біздің жаһанданған әлемде терең өзгерістерге ұшырағанын айтқымыз келеді. Жаһандану, көші-қон және мәдениетаралық алмасу қиындықтар тудырғанымен, бірегейліктің неғұрлым бай және әркелкілігін көрсетуге мүмкіндіктер береді. Ең бастысы, бірегейлікті қалыптастырудың күрделілігін тану және оның динамикалық, үздіксіз процесс екенін мойындау қажет. Технологиялық жетістіктер ахуалында әлем «тарыла» беретіндіктен, этникалық бірегейленудің қыр-сырын түсіну және құрметтеу шынайы жаһандық қоғам құрудың шешуші факторына айналады.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

НАУБАЙШЫНЫҢ НЕСІБЕСІ

Кәсіп иесі Азамат Мәдениетұлының айтуынша, құны 400 млн теңгені құрайтын наубайхананы іске қосу үшін жеке қаражаты есебінен 215 млн теңге және «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында субсидиялау бағыты бойынша «Даму кәсіпкерлікті қолдау қоры» арқылы 185 млн теңге «Халық» банкінен қаржы алған.

– Бастысы, кәсіпкерлердің мемлекет алдындағы міндетін адал атқаруға жағдай жасалып отыр. Бақытымызға қарай, мемлекеттік бағдарлама қолға алынып, кез келген азаматтың кәсіпкер болуына, ал кәсіпкердің өз кәсібін өркендетуіне мүмкіндік туып отыр. Сондықтан кәсіп иелері осы мүмкіндіктен құр қалмаса деп ойлаймын.

Біз саннан гөрі сапаға көңіл бөлеміз. Сол себепті біздің пісірген өнімдеріміз тез өтіп кетеді. Нан көлемі стандартқа сай. Несібемізді адалынан тапсақ дейміз. Өзім нанның сапасы мен көлемін қадағалап отырамын. Себебі тұтынушылардың көңілінен шығу керек. Кәсіпке адалдық керек, – дейді наубайхана иесі.

Наубайхана қызметкерлерін де сөзге тарттық.

– «Ақжелең» жеке кәсіпкерлігі 2023 жылы ашылып, нан өнімдерін пісірумен айналысып келеді. Наубайхана иесі Азамат Мәдениетұлы кәсібін кеңейтіп, 70 адам осы наубайханадан несібесін тауып, отбасын асырап отыр. Бүгінде зауыттағы нан пісіруге арналған қажетті құрал жабдықтар заман талабына сай. Ыстық пештен шыққан нан дүкеннен қаладағы аурухана мен балабақшаға да жөнелтіледі. Ол үшін 12 көлік қарастырылған. Алдағы уақытта аудандарды да қамтамасыз ету жоспары бар, – деді «Ақжелең» жеке кәсіпкерлігінің маманы Айдана Қылышбек.

Ал зауыт технологы Фарида Саменованың айтуынша, мұнда тәулігіне 10 тонна нан пісіріледі. Нанның бүкіл технологиясы, салмағы, құрамы қадағаланады екен.

– Наубайханадағы қызметкердің бәрі өз ісін білетін мамандар. Бір ауысымда 8 адамнан болғанда 32 адам нан пісіреді. Бізде тәулігіне 117 қап ұн кетеді. Наубайханашыларға қойылатын талап – жеке бас гигенасын, іштегі тазалықты сақтау. Бүгінде төрт ауысыммен жұмыс істеп жатырмыз. Нан 80 теңгеден таратылуда. Нанды экспедиторлар таратады. Өнімдер күнделікті қаладағы әлеуметтік дүкендер мен келісім-шартқа отырған кәсіпкерлерге жеткізіледі. Кондитерлік тағамдар да тұтынушының сұранысына ие, – дейді зауыт технологы.

Ажар Қошқарова, жұмысшы:

– Мен наубайханада жұмыс істеймін. Күнде үйімізге жұмыстан шыққанда 2 нан тегін аламыз. Айлық мерзімінде беріледі. Нан сапасы жақсы. Жұмысшыларымыз жергілікті жердікі. Нан – киелі өнім. Сондықтан бұл жерде жұмыс істеу өзіме ұнайды.

Айнұр Шырақбаева, тұтынушы:

– Мен тұрақты тұтынушымын. «Ақжелеңнің» наны өте сапалы. Бағасы да қолайлы. Сондықтан осы наубайхананың нанын аламыз. Шыққан нан ыстық күйінде тез өтіп кетеді. Заманауи технологияның әсері де бар болар. Бәрі автоматтандырылған.

Нан зауытында тындырымды тірлік бары көрініп тұр. Дайын өнім сөреде тұрып қалмай, лезде өтіп кетіп жатыр. Бағасы – қалтаға қолайлы, сапасы да жақсы.

«Саяхат» шағын ауданында орналасқан наубайхананың нанына тапсырыс берушілер көп екендігін байқадық. Тіпті қалыптан шыққан бойда буын бұрқыратып алып кетіп жатыр. Берекесі тасыған кәсіп иесі әлеуметтік тұрмысы төмен жандарға көмектесіп, көптің де батасын алып жүргенін білдік. Ең бастысы, қамбамыз алтын дәнге толып, дастарханымызда нан көп болсын.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

Басы 1-бетте



АСАУДЫ ЖУАСЫТҚАН ӘБДІҒАППАР

– Жалағаш ауданында Жауынбай деген кісінің тор аты жақсы шапқан. Әкем содан тұқым алып, тай әкеліп берді. Алғаш рет баптап, бұл кәсіпке құмарлана бастадым. Тұқымы сәтті шыққанымен бәйгеге қоспадым, – дейді Әбдіғаппар аға.

Асау жылқылардың әрқайсысы әртүрлі тәсілмен бағынады екен. Соның ішінде ағылшын жылқылары сылап-сыйпап, жылы сөйлеген кезде үйрене бастайды. Олардың бір ерекшелігі, жүрегі тоқтағанша шабады. Соңғы демі таусылып, құлаған кезде тоқтайтын көрінеді. Бәйгеге қосатын жылқының асаулығы басылғанша ат қорада, әр қатарға біреуден ұстамаса, бір-бірін теуіп, жарақаттап қоюы мүмкін.

Қазақы жылқылардың бағынуы қиынға соғады. Қорқытып үйірге қоспаса адамға бағына қоймайды. Ал қазіргі таңда ең сұранысқа ие «ағылшын жылқысы». Дәл осы тұқымды Әбдіғаппар атсейіс 21 жасынан бастап баптаған.

– Оған артық күш жұмсаудың керегі жоқ. Тек мейірленіп, тұмсығынан сипасаң болғаны он күн ішінде асау мінезі басылып, мойынсұна бастайды, – деді Ә.Нұржанов. Кейіпкеріміз жылқыны қалай баптау керектігіне де тоқталды.

– Қара жарыстың, яғни жаратудың дұрыс-бұрыстығын аттың теріне қарап анықтайды. Аттың терін алу – ат баптаудың басты шарттарына жататын аса маңызды дүние. Тері дұрыс алынбаған жүйрік тер буып шаба алмайды, тіпті өліп кетуі де мүмкін. Бұл әрекеттен қан айналымы жақсарады. Аттың терін салқын, бұлтты күні алған дұрыс. Бәйгеге жақындаған кезде жүйрікті ипподромға апарып, қашықтыққа шаптырған сәтте бусанып терлейді. Мұны аттың суын алу дейді. Бәйгеге қоспас бұрын дәрумендерін беріп, жылқыны жақсылап бағады. Бұл әдісті жілік майын толтыру деп атайды. Жілік майы толмаған ат бәйгеге жарамайды. Жетектеп қолға үйреткеннен бәйгеге қосқанға дейінгі шамамен 90-100 күн уақыт керек.

Атты тану үшін бірінші кезек тыныс жолына қарау керек. Ауыз омыртқасы кең, өңеш маңайы салбыраңқы болса, жылқының төресі саналады. «Жылқы жүйрік болса, жылқының қанаты бар» деген сөзді қолдануға болады. Менің тәжірибемде қанаты бар жылқылар болды. Кез келген ат шаппайды. Ресейден әкелген жылқылардың куәліктегі есімін теріп ата тегін, қай жерде, қанша қашықтықта шапқанын «Ипподром. Ру» сайты арқылы білуге болады,– деді атсейіс.

Жылқының тек өкпесі, тыныс жолы ғана емес тұяғы да жүйрік шабуына үлес қосады. Қаз табан және құйма тұяқ болып бөлінеді. Бәйгеге қосатын жылқы құйма тұяқ болғаны абзал. Егер қазтабан болса тез қызып, қанын тулатады, тепе-теңдікті ұстай алмайды. «Жақсы ат аяқтан қалады» деген сөз жылқының ең әлсіз жері аяғы болғанына байланысты айтылса керек. Жылқының ішінде қамыс құлақ немесе қысқа құлақ та түрі кездеседі. Ал сұлу әрі бәйгеге қосатын жылқының құлағы тас төбесінде болады.

Әбдіғаппар ағаның жанына жақын жылқы – «Малайзия». Ол Төретам кентінде Жәрімбет атаға мешіт салған кезде бәйгеден автокөлік ұтқан екен. «Қаракөз» атты жылқы да барған жерден бәйгесіз қайтпайтын көрінеді.

Бұлардың күнделікті жейтін азығының өзі де бір күтімді қажет етеді. Атсейістің айтуынша, уақытылы арпа, бидай, сұлы, жүгері жемі беріледі. Дәнді дақылдардан бөлек алма, сәбіз секілді көкөністер қосылады. Бәйгеге қосып болғаннан кейін күш жинайтын, құрт түсіретін дәрі-дәрмектері де осы жеміне қосылып ұсынылады.

Жалпы қалаға қарасты ауылдық округтің бірі Ақсуатта жылқыны баптаумен айналысатын бірнеше адам бар. Соның ішінде біздің кейіпкеріміз бүгінде жан-жақтан жылқыны баптап, бәйгеге қосып отырған жайы бар.

Марина САҒИДАТБЕК

Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2959 **Тапсырыс №108**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА